

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ**

«Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІ» РМҚК



**Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ
2019 жылға арналған
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Алматы, 2018

22 қаңтар 2019

Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ
2019 жылға арналған
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының (2018 жылғы 9 қаңтар мен 5 қазан), сондай-ақ «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы мемлекеттің дамуындағы ең маңызды бағыттарға назар аударады. Мемлекеттік стратегияны құрудағы маңызды басымдықтарға: азаматтардың әл-ауқатын арттыру, өмір сүру деңгейін көтеру және адами капиталды дамыту, жастарды жетілдіруге жағдай жасау, ұлттық мәдениетті сақтау және насихаттауды жатқызуға болады. Президент ұлттық мәдениеттің, руханияттың, тарихи және көркем мұраның құндылығы мен маңыздылығын ерекше атап өтті.

Мақаланың негізгі идеялары – ел мен қоғам үшін маңызы зор бағдарламаны жүзеге асырудағы практикалық қадамдарды іске асырудың тікелей нұсқаулығы мен әдіснамасы болып табылады. «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы». Көркем мұраның, елдің бай мәдени мұрасының бас сақтаушысы музейлер болып табылады. Олардың басты миссиясы – ұлы түркі мәдениетінің, көшпелі мәдениеттің жетістіктерін сақтау және дәріптеу.

Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейінің қызметі музейдің басты миссиясын жүзеге асыруға бағытталған, оған Қазақстан Республикасының бірегей мәдени-көркем мұрасын сақтау және дәріптеу кіреді. Өз миссиясын сәтті орындау үшін Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі өз қызметін келесі бағыттар бойынша жүзеге асырады: кең ауқымды аудитория үшін әлемдік өнер туындыларын коллекциялау, сақтау, ғылыми-зерттеу жұмысы, реставрациялау және кеңінен тарату. Музейдің құрылымы сақтау және реставрациялау бөлімдері, ғылыми бөлімдер, музей педагогикасы және жобалау қызметі бөлімі, баспасөз қызметі, көрме және экспозиция бөлімі, баспа ісі бөлімі, техникалық қызметтер мен әкімшілік аппаратынан тұрады. Музей жанында екі бөлімше қызмет етеді: Орталық көрме залы және Ә. Қастеевтің музей-үйі. Музей жұмысының тиімділігі қор, экспозиция, ғылыми, ақпараттық, білім беру, жобалау сияқты музей қызметінің негізгі түрлерін қамтитын барлық құрылымдық бөлімшелердің жоспарлы және тәртіпке келтірілген жұмысына негізделеді.

Мемлекеттің мәдени саясатының негізгі кластері болып табылатын музей Республика басшысының мақаласында көрсетілген негізгі ұсыныстарды ұстанады. «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының басым

бағыттарының бірі қазақстандық мәдениеттің әлемдік үдеріске интеграциялануы болып табылады. 2018 жылы Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі қазақстан өнерінің үздік туындыларының шетелге – АҚШ-қа (маусым-шілде) және Түркияға (қараша-желтоқсан) екі ауқымды көшпелі көрмесіне бастамашылық етті. Экспозициялар халықаралық мәдени байланыстардың нығайуына ықпал етіп, қазақстандық өнердің шетелде ілгерілуі үшін өзіндік рөл атқарып, айтулы оқиғаларға айналды.

Музей қызметінің арнасында ұлттық кодты сақтау маңызды фактор болып табылады. Халықтың өткені, бүгіні мен болашағының көкжиегін байланыстыратын тұғырнамасы дәл соның өзі. Негізінде – дәстүрдің ұлы күшін сақтау. Қазақстан халқының ұлттық мәдениетінің жаршысы бола отырып, музей халықтың тарихи жадысы мен ұлттық мәдени кодын сақтауды міндет етіп алады. Бірегей коллекцияның арқасында музей қазақ халқының тарихы мен дамуының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі әр түрлі тарихи кезеңдерін қолданбалы және бейнелеу өнерінің көркемдік үлгісін ұсына алады. Біздің міндетіміз – Қазақстанның өнерін белсенді түрде насихаттау, жергілікті көрерменге ғана емес, елден тыс көркем шығармашылығын белсенді түрде таныту.

Осылайша, музей 2019 жылдың жобаларын жүзеге асыруда мәдени саясаттың келесідей басымдықтарын бағыты ретінде ұстанады:

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында шетелге музейлік көшпелі көрмелерді ұйымдастыру арқылы **қазақстандық мәдениеттің әлемдік кеңістікке интеграциялануы жұмыстары жалғасады. Халықаралық ынтымақтастықты күшейту** – қазақстандық мәдениетті шетелде қайта ұсыну үшін көшпелі жобаларды ұйымдастыру сияқты қазақстандық көрерменге шетелдік көрмелерді таныстыру. 2019 жылы Ресей Федерациясында екі көрме өткізу жоспарланды: Санкт-Петербургте Сергей Калмыков туындыларының көрмесі, Мәскеуде алпысыншы-жылғы суретшілердің көрмесі (Ресей көркемсурет академиясы), сондай-ақ Австрия, Венада, әлем музейінде қазақстандық кескіндеме көрмелері. Өзбекстандағы Қазақстан жылы аясында Ташкентте музей коллекциясынан көшпелі көрме ұйымдастыру және өткізу бойынша келіссөздер жүргізілуде.
2. Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында қойылған міндеттерді практикалық іске асыруға жинақталып, музей «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасын дайындау үстінде. Жоба заманауи қазақстандық суретшілерге тапсырыс ұйымдастыру арқылы Қазақстанның көрнекті тарихи тұлғалар бейнесінің галереясын жасайды.
3. 2019 жыл **Жастар жылы** деп жарияланды, оның аясында музей балалар мен жасөспірімдерді дамыту мен қолдауға бағытталған тақырыптық жобаларды жүзеге асыруды, жастар аудиториясын қамтитын арнайы жобаларды ұйымдастыруды жобалауда. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ жас суретшілерге арналған екі ірі байқауды іске асыруға атсалысады – ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасының қорымен ұйымдастырылатын ЖасStar байқауы және Жоғары өнер мектебі мен «Астана» университетімен ұйымдастырылатын «Өркен» байқауы. Сондай-ақ, балалар мен жасөспірімдерге арналған «Әсем Әлем-Жастар» дәрістер топтамасын іске қосу ұйғарылды.

4. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын, сондай-ақ Президенттің 2018 жылғы Жолдауының негізгі ережелерін алға жылжыту шеңберінде музей аталмыш нұсқауларды жүзеге асыру бойынша БАҚ-та бірқатар жарияланымдар дайындауды жоспарлауда.
5. Музей коллекциясының ғылыми каталогы бойынша жұмыстар жалғасады. Қазақстан кескіндемесінің үшінші (соңғы) томын шығару көзделуде, ол У-дан Я-ға дейінгі жұмыстарды, театр-декорациялық кескіндеме бөлімі мен соңғы жылдарда келіп түскен туындыларды қамтиды. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясындағы Орыс өнері мен Қытай өнері каталогы аяқталу кезеңінде (инвестициялау мәселесі әлі де талқылану үстінде).
6. **«Цифрлы Қазақстан»** бағдарламасы аясында белсенді жұмыс жалғасады: музей коллекциясының толық электронды каталогын жасау, 3D мүсін галереясы жұмысын жалғастыру, суретшілердің қолтаңбалары банкін қалыптастыру, мәліметтерді Қазақстан Республикасының музей нысандарының бірыңғай мемлекеттік тізіліміне енгізу.
7. **Музейді және оның оқиғаларын ақпараттық ілгерілету бойынша** қызметі – музейдегі барлық іс-шараларды кеңінен насихаттау, БАҚ-та жүйелі түрде ақпарат шығуын қамтамасыз ету, музей сайты, әлеуметтік желілердің жұмысын ұдайы толықтыру және жаңарту.
8. **Үштілділік саясатын жүзеге асыру және қазақ тілінің латынға көшуін қолдау.**
9. **Адами капитал сапасын жақсарту.** Музей қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру үшін жағдай жасау – магистратура және докторантураға түсу, БКФ курстарынан өту. Әрбір қызметкердің жеке және кәсіби өсуі үшін жұмыс – музей сол үшін қолайлы жағдай жасауды абзал міндет деп санайды.
10. Музейде білім және ғылым саласы бойынша мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру. Музей **білім беру жобалары мен музей педагогикасы жөніндегі бағдарламаларды белсенді өткізеді.** Олардың қатарында: «Әсем Әлем» академиясының аясында өнер тарихы бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі дәрістер топтамасы, ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер мен пікірталас алаңдары, сондай-ақ, көрермендер аудиториясы тарапынан күтілетін «Сиқырлы шам», «Музыкалық вернисаж», «Музей түні», отбасылық фестивальдер, квесттер. 2019 жылы өнер тарихы мен әлемдік көркем мәдениеттің белгілі бір дәуірлері бойынша теориялық және практикалық сабақтарын біріктіретін балалар мен жасөспірімдерге арналған «Әсем Әлем-жастар» жаңа бағдарламасын іске қосу жоспарланып отыр.
11. **Музейдің әлеуметтік жобалары.** Ауқымды, қоғамдық маңызы бар музейге келушілердің барлығына, ерекше қажеттіліктері бар көрермендерді қосқанда жайлы жағдай жасауға бағытталған «Қол жетімді музей» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру. Мүгедектерге арналған шығармашылық жобаларды жүзеге асыруға атсалысу.

12. **Қайырымдылық жобасы** – қуыршақтардың халықаралық аукционалды, муковисцидозбен ауыратын балаларға арнайы көмек ретінде құрылған «II Періштелер уақыты» көрмесі. РФ Бас Елшілігімен бірлескен жоба қойылымдармен, концерттермен жалғасады (11-27 қаңтар).
13. **Туризмді дамыту перспективаларын** ескере отырып, біз туристік кластердегі түрлендіретін негіз ретінде музейдің рөлін күшейтуге ұмтыламыз. Туризм – мол табысты индустрия. Бұл компонент елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл ойнайды. Музей өз қызметін бар жағынан қызықты болу үшін осылайша іске асырады. Музей инновациялық формадағы жұмыстарды дамыту жолымен келушілердің назарын аударуға тырысады.

Көркемдік музей – халықтың мәдени және білім алуға белсенділігін, ғылыми қызметті арттыруда, еліміздің имиджі мен туристік тартымдылығын қалыптастыруда мәдени және тарихи жадыларды сақтайтын маңызды әлеуетке ие әлеуметтік-мәдени институт. Заманауи музей – өнер, ғылым, білім, коммуникация, мәдени ақпарат және шығармашылық инновациялар ордасы.

Басты мақсаттары мен міндеттері:

- Музей коллекциясын зерттеу және насихаттау, туындылардың ғылыми атрибуциясын жасау,
- қоғамдық мәні зор мәдени жобаларды ұйымдастыру,
- қалың көрермен аудиториясын тарту,
- жеке ғылыми тақырыптарды дайындау, оларды одан әрі жүзеге асыру (жарияланым, ғылыми жобалар, конференциялар),
- музей экспозициясының барлық бөлімдері бойынша жеке ғылыми тақырыптарды жетілдіру және солармен әдістемелік құрал әзірлеу,
- коллекцияны насихаттау мақсатында жаңа уақытша тақырыптық көрмелер дайындау,
- музейдің қорытынды каталогымен жұмыс істеу,
- музейді жаңғыртуды жүзеге асыру және т.б.

Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің 2019 жылға арналған жоспарлы көрсеткіштері

- экскурсиялар мен лекциялар өткізу – 600
- келушілерді қамту – 100 000 адам.
- Көрмелер өткізу – 50

**Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қызметіндегі
2019 жылдың маңызды оқиғалары**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ.
КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ АЛМАСУ КӨРМЕЛЕРІ**

2019 жылы Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі бұрынғыша халықаралық ынтымақтастықты күшейтуге бағытталады. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясынан Қазақстан өнерінің үздік үлгілерін шетелдік көрермендерге ұсыну үшін бірқатар көрмелерді өткізу жоспарланды. Сондай-ақ, Вашингтонда (Смитсон институты) мультимедиялық көрменің сүйемелдеуімен

ғылыми-практикалық конференцияның халықаралық ғылыми жобасына дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Музей қорының көшпелі көрмелерін өткізу жоспарланды:

- С. Калмыковтың көрмесі, СПб;
- Алпысыншы-жылғылардың көрмесі, Мәскеу;
- Өзбекстандағы Қазақстан жылы аясында Ташкентте Қазақстан СҚӨ мен кескіндемесінің «Қазақстан: тау мен дала рухы» көрмесі.

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ 2019 жылдағы шетелдік көрмелері:

- Рахим Ахмедов – өзбек және кеңес кескіндемесінің классигі;
- Юристанбек Шыгаев (Қырғызстан);
- Хе Ши Фа (Қытай);
- Майкл Клоз (Канада);
- Нэцкэ көрмесі (Жапония).

Сондай-ақ, алдағы жоспарға Мемлекеттік орыс музейімен (СПб) 2019 жылдың желтоқсанында «Взаимосвязь и влияние русской школы и казахстанского искусства» тақырыбында кезекті он-лайн дөңгелек үстел өткізу енгізілді.

2019 жылдың ірі жобасы қазақстандық суретшілердің ауқымды республикалық акварель көрмесі болып табылады. Ол музейдің үздік әрі авторлық туындылары арқылы акварель кескіндемесінің өткеніне шолу жасайды. Экспозиция 200 аса жұмыстарды ұсынады. Көрменің ашылуына арналып каталог шығарылады.

2019 жылдың мерейтойлық көрмелері

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясында Қазақстан бейнелеу өнері кәсіби мектебінің дамуының маңызды кезеңдері, көрнекті шеберлер мен олар жасаған жауһарларды ұсынады. Музей қордан көрерменге сирек көрсетілетін туындыларды көруге мүмкіндік беретін тақырыптық жеке көрмелерді ұдайы ұйымдастырып, өткізіп тұрады. 2019 жылы музейде кәсіби бейнелеу өнері тарихына есімдері кірген, мерейлі жасқа жеткен суретшілердің көрмесін өткізу жоспарланды.

2019 жылғы мерейтойлықты қосқандағы ірі көрмелердің қатарында:

- Музей қорынан Роберт Фальк;
- Нағымбек Нұрмұхаммедов (95 жас), кескіндеме;
- Асқар Есенбаев (60 жас), мүсін;
- Есімғали Жұманов;
- Владимир Киреев;
- Табылды Мұқатов, кескіндеме;
- Ғани Баянов, кескіндеме, акварель;
- Шоқан Төлеш (60 жас).

Музейді жаңғырту

Музейді жаңғырту аясында 2019 жылы келесі қадамдар жоспарланды:

- жәдігерлерді цифрлау (ғылыми орталықтар мен сақтау қоры бірлесе);
- банкті суретшілердің жазбаларымен одан әрі толықтыру (ғылыми сараптама орталығы);

- мәліметтерді Қазақстан Республикасының музей нысандарының бірыңғай мемлекеттік реестріне енгізу;
- 3D мүсін галереясы қорын толықтыру – Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ мүсін қорын түгелімен он-лайн қолжетімді болатындай виртуалды галерея үлгісіне көшіру;
- музей қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруға жағдай жасау – тағылымдамалардан өтуге, соның ішінде, шетелге жіберу (мүмкіндік болса), қызметкерлердің магистратура мен докторантурада білім алуына жәрдем беру – музей қызметкерлерінің арнайы жоғары оқу орындарына түсуіне грант бөлінуін сұрау.

МУЗЕЙДІҢ ҚОР ЖӘНЕ РЕСТАВРАЦИЯЛАУ ЖҰМЫСЫ

Музейдің негізгі міндеті музей жинақтамасын жинақтау, құру және сақтау болғандықтан музейдің қор жұмысы мұражай қызметінің басты бөлігі болып табылады. Музейдің қор жұмысына көркем туындыларды есепке қою, сақтау және реставрациялау кіреді.

2019 жылдың 1 қаңтарында Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорының саны 25 142 жәдігерді құрады.

Қор сақтау қызметкерлерімен мәліметтерді Қазақстан Республикасының музей нысандарының бірыңғай мемлекеттік тізілімінің электронды базасына (екі тілде) енгізу жұмыстары жасалуда – барлығы 3 500 бірлік сақтау.

Музейдің қор, сондай-ақ есепке алу және сақтау секторының қызметіне жәдігерлерді тұрақты сақтауға қабылдау (сыйға, КҚД, Қор- сатып алу комиссиясынан берілгендер); музейдің жұмыс жоспары аясында Қор-сатып алу комиссиясын өткізу; жәдігерлерді уақытша сақтауға қабылдау; жәдігерлерді көрмелерге беру (соның ішінде көшпелі); жәдігерлерді инвентарлық сипаттамаға беру, Қорларды цифрлау (суретке түсіру). Бұдан бөлек, бөлім қызметкерлерімен келесідей тұрақты жұмыс түрлері жүргізіледі:

- Реставраторлармен бірге профилактикалық байқау жүргізу, реставрациялау, туындының сақталу күйін сипаттау;
- Қажетті құжаттар мен музей ішіндегі қозғалыс актісін жасау;
- Мәдени құндылықтарды сақтау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қорда жыл сайын инвентаризация жүргізу;
- Бөлімдер бойынша қордағы бар заттарды салыстырып тексеру: зергерлік бұйымдар (күміс), киіз және мүсін, тоқыма, ағаш, қыш;
- Сипаттамаларды инвентарлық кітаптарға түсіру, туындыларды белгілеу;
- Музей қорындағы жұмыс картотекаларын ғылыми бөлімдер: Қазақстан кескіндемесі, тоқыма және сәндік-қолданбалы өнер, ежелгі орыс өнері, орыс және Батыс Еуропа өнері қорларындағы картотекалармен салыстыру;
- Музейдің жалпы каталогтарымен жұмыс: Қазақстан кескіндемесі – III том, Қазақстан графикасы, заманауи СҚӨ, Шығыс өнері.
- Телевизиялық түсірілімдер;
- Облыстық музейлердің, училищелердің, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ және Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА тәжірибе жинаушыларымен жұмыс;
- Реставрациялық кеңес пен Қор-сатып алу комиссиясын ұйымдастырып, өткізу.

Есепке алу және сақтау бөлімінің маңызды бөлімшелерінің бірі **реставрациялау бөлімі** болып табылады, бөлім қызметінің арқасында бірегей өнер туындылары сақталып, екінші өмірге ие болады.

Туындыларды реставрациялау бойынша 2019 жылдың сандық көрсеткіштері келесідей:

- Кескіндеме – 55 (тазалау және бекіту – 200 жәд.)
 - Графика – 75
 - Металл, тері – 20 (тазалау және өңдеу 200 жәд.)
 - Жұмсақ инвентарь – 20 (тазалау және жеңіл-желпі реставрация 70 жәд.)
 - Мүсін – 15.
1. Шығармаларды реставрация жасалу уақыты, оған дейін және кейін фото тіркеу .
 2. Өнер туындыларын шаңнан, кірлеуден тазарту, жақтауларды жөндеу және бояу.
 3. Реставрацияға түскен шығармаларды конверттеу.
 4. Қордағы жоспарлы дәрілеу: тоқыма, киіз, кілемдер, жұмсақ инвентарь.
 5. Арнайы әдебиеттермен жұмыс, конференция, семинар, көрмелерге қатысу – жыл ағымында.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

Музей көркемдік ұйым ғана емес, ғылыми-зерттеу орталығы ретінде қызмет ететіндіктен, ғылыми жұмыс музей қызметінің басты басым бағыттарының бірі болып саналады. Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты – мұражай коллекциясын зерттеу. Оған суретшілер мен оның заманы туралы деректі мәліметтерді жинау, атрибуция бойынша зерттеу жұмысын жүргізу, жиналған мәліметтерді түйіндеу жұмыстары жатады. Теориялық зерттеулер ғылыми және көпшілікке дәріптеу мақсатында басылымдарда, конференцияларда айтылып, жеткізіліп, практикалық қолданысқа ие болады, сондай-ақ экскурсия, дәріс және әдістемелік жұмыстар дайындаған кезде пайдаланылады.

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмысын мемлекеттік өнер музейінің ғылыми қызметін жетілдіру, сонымен бірге Қазақстан мен шет елдердің ғылыми, шығармашылық және педагогикалық қоғаммен байланысын нығайтып, кеңейтуді басты мақсат еткен мұражайдың Ғылыми кеңесі басқарады. Ғылыми кеңес кешенді даму бағдарламасын әзірлейді, ғылыми қызметтің басты бағыттары мен проблемалары бойынша өзгерістер енгізеді, мақсатқа сай келетіндігі жайлы қорытынды жасап, баспадан шығаруға дайындалған ғылыми, ғылыми-анықтамалық және ғылыми-көпшілік сипаттағы жұмыстарды қарап шығады, т.с.с.

Музей қызметіндегі ғылыми-зерттеу бағытының басты бағыты – бас каталогтармен жұмыс. Бұл жұмыс оның мәні мен ролін анықтау және түрлі елдер мен дәуірлердің тарихи және көркемдік ахуалдарын талдау мақсатында коллекциядағы барлық бұйымдарды егжей-тегжейлі зерттеуге негіз болады. Бұл – түпкі мақсаты мұражай коллекциясының коллекциясының тақырыптық тараулары бойынша каталог шығару болып табылатын мұражай жинақтамасын егжей-тегжейлі зерттеліп, жүргізілетін ұзақ жылдық процесс. 2018 жылы КРМГ

компаниясының қолдауымен жарыққа шыққан Қазақстан кескіндемесі. Л-Т дейін. II том каталогы жалғастырылады. 2019 жылы Қазақстан кескіндемесі. У-дан Я-ға дейін III томын шығару жоспарланды, ол театр-декорациялық кескіндеме мен соңғы жылдары келіп түскен туындыларды қамтиды.

Құрамына музейдің тәжірибелі қызметкерлері кіретін сараптама кеңесі жұмысы аясында мұражай қорындағы, сонымен бірге жеке жинақтамалардағы көркем туындыларды сараптап, атрибуттау – мұражайдың ғылыми қызметінің ажырамас бөлігі.

2019 жылдың күзінде дәстүрлі жыл сайынғы «Қастеев оқулары» ғылыми-практикалық конференциясы өткізіледі, оның аясында музей қызметінің өзекті мәселелері көтеріліп, ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелері ұсынылады.

Музейге келушілер арасында «Кіші өнер академиясының» беделі зор – онда әлемдік және қазақстандық өнер тарихынан дәрістер оқылады. 2019 жылдың ақпанында Қазақстан өнері бойынша дәрістер курсы аяқталып, ежелден қазіргі кезге дейінгі әлемдік мәдениет топтамасы жұмысын бастайды. 2019 жылы «Әсем Әлем-жастар» атты балаларға арналған топтама өз жұмысын бастайды.

2019 жылы музей өз қызметкерлері үшін олардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатымен бірқатар ғылыми семинар өткізуді ойға алып отыр.

Музей қызметкерлерінің жеке ғылыми зерттеулер аясындағы ұзақ жылдық ғылыми еңбектерінің нәтижесін көрсететін «Музей еңбектері» атты ұжымдық авторлық монографиясын әзірлеп шығару жұмысы жүргізілуде. Аталмыш басылымға музейдің 12 ғалымының материалдары ұсынылды.

Әрбір ғылыми қызметкер жеке ғылыми тақырыбын анықтайтын музей коллекциясы бөліміндегі нақты бір материалға ыңғайланып маманданады. Ғылыми жұмыстың практикалық ерекшелігіне мыналар жатады: ғылыми тақырып бойынша материалды жинап, зерттеу, өнер бұйымдарын атрибуттау, ғылыми-практикалық конференцияларға арналған мақала, баяндамалардың мәтіндеріндегі зерттеулер нәтижесін пайдалану, сондай-ақ оларды дәрістер мен экскурсияларды ғылыми талдауға, әдістемелік талдауларға пайдалану.

Музейдің әрбір ғылыми қызметкерінің жоспарына бір жылда кем дегенде 50 ғылыми сипаттама жазу енгізілген.

Қазақстан бейнелеу өнері ғылыми бөлімі

Коллекциясының қорында Қазақстанның кәсіби суретшілерінің кескіндеме, түпнұсқа және баспа графика, театр кескіндемесі және мүсіндік туындылары барлығы 11 807 жәдігері бар музейдегі ірі ғылыми бөлімдердің бірі. Бөлімнің негізгі ғылыми тақырыбы «Қазақстан бейнелеу өнері: тарихы және қазіргі заман» – Қазақстан суретшілерінің шығармашылығын зерттеу, жеке және ортақ стильдік ерекшеліктерін анықтау, Қазақстандағы бейнелеу өнері кәсіби мектебінің түрлі даму кезеңдеріндегі тарихи сатылардың көркемдік ерекшелігін айқындау.

Бөлімнің кадрлық құрамы 8 қызметкерді құрайды (қазіргі сәтте екеуі декреттік демалыста).

Жеке ғылыми тақырыптары

Мамытова С.М.

«Қазақстан графика өнерінің 1960-жылдардан

бөлім жетекшісі

Жадайбаев А.Ж.

Графика және мүсін секторының ЖҒҚ

Мұқажанова К.Ж.

Кескіндеме және театр декорациясы өнері секторының аға ғылыми қызметкері (жарты еңбеккүн)

Әбілдаева Л.О.

Кескіндеме және театр декорациясы өнері секторының ғылыми қызметкері

Жұбанова Г.

Графика секторының кіші ғылыми қызметкері

қазіргі кезеңге дейінгі даму мәселелері мен тенденциялары». (Тенденции и проблемы развития графического искусства Казахстана от 1960-х годов до современности)

а) Изобразительное искусство Казахстана 1970-1980-х гг. Основные этапы эволюции и особенности творческого метода мастеров живописи, графики и скульптуры Казахстана.

б) «Последний рыцарь Великой степи. Жизнь и творчество А. Кастеева» (монография баспаға дайындық үстінде)

в) «Владимир Эйферт» монографиясы жұмысының аяқталуы

«Развитие жанровой картины в изобразительном искусстве Казахстана XX в.» / «XX ғасырдағы Қазақстан бейнелеу өнеріндегі тұрмыстық картинаның дамуы»

«Қазақстанда музей ісін дамытудағы заманауи тенденциялар»

«Қазақстан киносуретшілер шығармашылығы. XX ғ.»

Бөлімнің басты жұмысы – музей коллекциясындағы ең саны көп бөлім – Қазақстан бейнелеу өнері қоры бойынша ғылыми каталог әзірлеу. Бірінші жартыжылдық ағымында Қазақстан кескіндемесі каталогының үшінші томымен жұмысты аяқтау.

Жоспар бойынша әр қызметкерге 50 жәдігерге ғылыми сипаттама жазу белгіленді (жәдігерлерге инвентарлық сипаттама; жаңа карточка арнау; қосымша мәліметтерді енгізу).

Ғылыми жұмыстың бір түрі атрибуция және туындыларды көркемдік бағалау болып табылады, 2019 жылғы жоспар бойынша Жадайбаевқа – 15, Мұқажановаға – 10, Мамытоваға – 5 тапсырылды.

Каталогпен жұмыс

№	Каталогтың атауы	Жұмыс түрлері (аннотация, атрибуция, реатрибуция, ғылыми-анықтамалық аппарат, редакциялау және т.б.)	Жоспар бойынша көлемі
1.	«Қазақстан бейнелеу өнері». Кескіндеме каталогы 3-том:	- экспонаттарды салыстыру; - каталогтарға инвентарлық нөмірлер енгізу;	1 тоқсан Бөлімнің барлық

	1. Кескіндеме (У-Я) 2. Театр-декорация өнері 3. Жаңа түсімдер	- аяқтау; - каталогтарға қосымша мәліметтер енгізу; - компьютерден түсіріліп алынған суреттерге мәліметер жазу; - кіріспе мақаланы, мәтінді, каталогтық мәліметтерді редакциялау;	қызметкерлері Жадайбаев А. Әбілдаева Л. Жұбанова Г.
--	---	--	--

Бөлім қызметкерлерінің ғылыми жинаққа жариялауға ұсынатын тақырыптары:

- Мамытова С.М. Заманауи жас суретшілер шығармашылығындағы көркемдік ізденістер
- Жадайбаев А.Ж. Изобразительное искусство Казахстана 1970-80-х годов. Особенности художественной интерпретации и творческого метода.
- Әбілдаева Л.О. 1. Қазақстан бейнелеу өнеріндегі мүсін өнерінің қалыптасуы. 2. Музей және заманауи қоғам. 3. Қазақстандағы музей ісі
- Жұбанова Г. 1980-1990 жылдардағы мүсіншілердің тақырыптық ерекшеліктері.

Жарияланымға арналған басқа тақырыптар, соның ішінде, «Қастеев оқулары-2019» күзгі конференциясының нәтижесі бойынша жинаққа:

Мамытова С.М. Қазақстанның жас суретшілер шығармашылығындағы формалық-мазмұндық ізденістер (Оралбек Қабоке, Алмас Нұрғожаев, Теоман Хос (Хусейн))

Жадайбаев А.Ж.

1. Творчество Дулата Алиева второй половины 1980-х годов.

2. Through the Steppes and Time: Western and Indigenous Narratives of Central Asia in American Collections.

3. Творчество Галима Маданова.

Әбілдаева Л.О. Музейдегі заманауи бағыттар.

Жұбанова Г. 1930-1950 жылдар аралығындағы Қазақстан кино суретшілерінің шығармашылығы.

Қызметкерлер қордағы жәдігерлерге ғылыми сипаттама жасайды. 2019 жылға әрбір қызметкерге 50 ғылыми сипаттама, жарты еңбеккүндегі қызметкерге 30 жәдігерге ғылыми сипаттама жасау тапсырылды. Барлығы музей қорындағы 230 кескіндеме, графика, мүсін туындыларына сипаттама жасалады деп жоспарлануда.

Жыл ағымында музей қызметкерлері бірқатар ғылыми жарияланымдар даярлайды, сонымен бірге орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде экскурсия жүргізеді, дәріс оқиды. Бөлімнің ғылыми қызметкерлері өздерінің тақырыптық бөлімдері бойынша әдістемелік құралдар әзірлеу үстінде.

Қызметкерлер 2019 жылы музейдің ұйымдастыруымен өтетін ғылыми семинарларға, сондай-ақ, заманауи көркемдік үрдіске белсенді қатысуды жоспарлап отыр.

Музей қызметкерлері дәріс оқып, экскурсия жүргізуге қатысады – жылына әрбір қызметкерге 25 экскурсия және кем дегенде 5 дәріс оқу жүктелген.

Бөлім қызметкерлері уақытша көрмелерді ұйымдастыру және өткізу кезінде дайындық пен экспозицияны құрастырудың барлық сатысына белсене араласып, жетекшілік жасайды. Үстіміздегі жылы осы бөлімде 11 уақытша көрмеге жетекшілік жұмыс жоспарда тұр, сондай-ақ, тұрақты экспозицияны қайта экспозициялау – Қазақстанның заманауи өнері (2000-жылдар) бөлімі.

Қазақстан қолданбалы өнері ғылыми бөлімі

Бөлімнің жалпы тақырыбы – Қазақтың халықтық қолданбалы өнерінің көркемдік дәстүрлеріндегі стильдің іргелі принциптері – қолданбалы өнер туындыларының көркемдік-стильдік ерекшеліктерін, түрлі материалды өңдеудің ерекше техникаларын зерттеу (Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің коллекциясы мысалында) олардың, түрлік және аймақтық ерекшеліктерін айқындау.

Жеке ғылыми тақырыптары

Жұмабекова Г.М.

Бөлім жетекшісі

Ажарова Н.Б.

Аға ғылыми

қызметкер

Баженова Н.А.

Аға ғылыми

қызметкер

Жуваниязова Г.К.

Аға ғылыми

қызметкер

Қазақтың зергерлік өнерінің қайнар көзі мен қалыптасуы. Қазақтың зергерлік өнеріндегі бағыттар.

Тускииз как главный элемент убранства казахской юрты. Особенности композиционно-декоративного решения. Семантика орнамента и символизм цвета (на примере коллекции ГМИ РК им. А. Кастеева)

Казахское художественное ткачество XIX-XX вв. в частных коллекциях

Развитие и становление казахского гобелена XX-XXI вв.

Бөлімнің негізгі жұмысы – музей қорының каталогын әзірлеу. Қазақстан зергерлік өнері және Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері каталогтары жарық көрген. Қазіргі кезде Қазақстан заманауи сәндік-қолданбалы өнері каталогын әзірлеу жұмысы жүргізілуде: редакциялау және жаңадан түскен жәдігерлерді атрибуциялау, мәліметтерді тексеру, суретшілер жайлы мәліметтерді анықтау (білімі, өмірге келгені жайлы), жұмысы (жасалған жылы, материалы, техникасы).

«Қазақ кілемдері Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ жинағынан» альбом-каталогын шығару жоспарланып отыр – кіріспе мақаланы дайындау әрі редакциялау, басылымды мәтіндер, қосымшалармен толықтыру.

Бөлім қызметкерлерімен келесі ғылыми жарияланымдар дайындалуда:

1. Жұмабекова Г. Қазақ ою-өрнегінің даму тарихы.
2. Жұмабекова Г. Ұлы даланың қасиетті жәдігері.
3. Жұмабекова Г. Сырлы сырмақтың сыры.

4. Жуваниязова Г. Философская концепция в сюжетных гобеленах Казахстана.
5. Баженова Н. Генезис казахского ткачества.
6. Казахские ковры из собрания ГМИ РК им.А. Кастеева. Вступительная статья в альбом-каталог.

«Қастеев оқулары-2019» ғылыми-практикалық конференциясына баяндамалар тақырыбы бекітілді:

- Жұмабекова Г. Сырлы сырмақтың сыры.
- Баженова.Н. Генезис казахского ткачества.
- Ажарова Н. Мастера современного декоративно-прикладного искусства Казахстана.
- Күлипа Жуваниязованың мерейтойына
- Жуваниязова Г. Суретшілер және уақыт ағымы.

Музей қызметкерлері дәріс оқып, экскурсия жүргізуге қатысады, 2019 жылға жаңа тақырыптағы экскурсияларды дайындап, тапсыру жоспарланды. Жылына әрбір қызметкерге кем дегенде 20 экскурсия жүргізу жүктелген.

Қызметкерлер уақытша көрмелерге жетекшілік жасайды, 2019 жылы Қазақстан СҚӨ бөлімінің жоспарында жетекшілік ететін 5 жоба бар.

Бөлім әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша үлкен жұмыс атқарады. «Әлеуметтік инновациядан қоғамды жаңғыртуға, әлеуметтендіру және эволюцияға» жобасының кезекті кезеңін өткізу жоспарланды. Дамуында ерекшеліктері бар жандар мен балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған «Рухани шабыт» атты қазақ дәстүрлі өнерінің фестивалі. Аталмыш қызметтің аясында Н. Баженованың «Арт-терапия как важная составляющая в реабилитации детей с диагнозом аутизм» атты мақаласын шығару жоспарланды.

Шетел өнері ғылыми бөлімі

Музей коллекциясы XVI ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейінгі шетел өнері коллекциясын қамтиды. Жинақтамада Ресейдің, Батыс Еуропа, Шығыс, Америка және Африка елдерінің өнер туындылары бар. Коллекцияның осы бөлімінде 80 жыл бойы жиналған Орталық Азиядағы ең үздік бірегей туындылар орын алған. Жинақтаманың ерекшелігі энциклопедиялық сипатта болғандықтан, музей әлемдік өнердің түрлі бағыттары мен стильдерін көрсете алады.

Бөлімнің кадр құрамы:

Сырлыбаева Г.Н. – жетекші

Копелиович М.М. – сектор меңгерушісі

Сальникова Мария – ғылыми қызметкер

Вологодская В. – кіші ғылыми қызметкер

Айдарбек Айгерим- кіші ғылыми қызметкер

Омарова Еркежан – кіші ғылыми қызметкер

Жеке ғылыми тақырыптары

Сырлыбаева Г.Н.

Бөлім жетекшісі

1. Русские художники в Казахстане. 1930-1940-е.

2. Произведения русских художников XIX-начала XX вв. в коллекции ГМИ РК им. А. Кастеева.

Копелиович М.М.

Сектор жетекшісі

Семантико-символический характер искусства Востока (на примере коллекции ГМИ РК им. А.

	Кастеева)
	Атрибуция произведений искусства Зап. Европы из коллекции ГМИ РК им. А. Кастеева
Вологодская В.А.	Древнерусское искусство из фондов ГМИ РК им. А. Кастеева
КҒҚ	Кастеева
Сальникова М.	Национальная идентичность в эпоху постмодернизма.
КҒҚ	Центральная Азия, Россия.
Омарова Е.	Алматинский период творчества С.И. Калмыкова.
КҒҚ	Специфика авторского метода.

Музейдің ғылыми жұмысы жәдігерлерді ғылыми зерттеуді және өңдеуді талап етеді, бөлім қызметкерлері 2019 жыл көлемінде ғылыми зерттеулер жүргізуге ұйғарым жасады. Әрбір қызметкер 50 жәдігерге сипаттама жүргізуді жоспарлады (Вологодская, Сальникова, Айдарбек және Омарова – барлығы кемінде 200).

Әрбір қызметкер ғылыми каталогпен жұмыс жасайды:

- XVII-XVIII ғғ. Орыс өнерінің каталогы – Сырлыбаева Г.Н.
- Шығыс елдерінің өнері: Қытай – Копелиович М.М.
- Батыс Еуропа өнері. Кескіндеме, графика, мүсін – Копелиович М.М.
- Заманауи шетел өнері: Кескіндеме, мүсін, қолданбалы өнер – Сальникова М.
- Заманауи шетел баспа графикасы. – Вологодская В.А.
- XV-XIX ғғ. Батыс Еуропа өнері (бастапқы жұмыс) – Омарова Е.
- Иетаңба өнері.

Каталогтармен жұмыс. Г. Сырлыбаева музей басылымдарының бас редакторы. Бөлімнің жұмысы бойынша орыс өнері каталогын (мәліметтерді атрибуциялау нәтижесінде анықталғандарды енгізу) және заманауи шетел өнері каталогын (редакциялау және авторлар жөнінде жаңа мәліметтерді енгізу) шығаруға дайындық жүргізілуде. М. Копелиович «Қытай өнері» және «Батыс Еуропа өнері» каталогтарымен жұмыс істеуде (көрсетілген басылымдардың әрқайсысын жетіспейтін жәдігердің мәліметтерімен толықтыру). В. Вологодская заманауи шетел өнері каталогының баспа графика бөлімінің жұмысына жетекшілік етеді – каталогпен жұмысты аяқтау, тексеру, аударманы ұйымдастыру, мағлұматтарды бекітілген бірегей үлгіге түсіру. Айдарбек иетаңба каталогымен жұмыс жүргізуде.

Конференцияларда, оның ішінде жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2019» ғылыми-практикалық музейлік конференциясында сөйлеуге және жариялауға ғылыми мақалалар әзірленуде. Қызметкерлер жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2019» ғылыми-практикалық конференциясына ғылыми тақырыптарын таңдады:

- Омарова Е. Образ Санкт-Петербурга в гравюре русских художников. из фондов ГМИ РК им. А. Кастеева.
- Сальникова М. Авангард как явление XX века в искусстве стран Центральной Азии.
- Айдарбек А. К 120-летию Александра Дейнеки.

Қызметкерлер экскурсия жүргізеді, дәрістер оқиды. Жаңа экскурсиялық және дәрістік тақырыптарды дайындау және тапсыру жоспарланды.

Атрибуциялау және көркемдік бағалау бойынша жұмыс жүргізілуде. Копелиович және Вологодская музейдің сараптау комиссиясының мүшелері болғандықтан, олар 2019 жылдың ағымында белсенді атсалысады.

Экскурсиялардың жаңа тақырыптарын дайындау жоспарланды: Вологодская – Шығыс өнері экспозициясы бойынша экскурсия; Айдарбек – батыс еуропа өнері бойынша экскурсия; Омарова – орыс өнері бойынша экскурсия; Вологодская – кеңес өнері бойынша экскурсия; Сальникова – «Авангард ТМД мен ОА ағым ретінде» экскурсия. Дәрістің жаңа тақырыптары бойынша: Айдарбек А. – орта ғасырлардағы еуропа өнері; Сальникова М – ХХ ғасырдағы орыс өнері.

Қордан тақырыптық көрмелер ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан бірқатар тақырыптық қор көрмелері жоспарланды: Л. Литвиненко шығармашылығы, Р. Фальк, Сара Лебедева шығармаларының көрмесі, Кавказ елдері өнері (жетекшісі Сырлыбаева ГН.). ХХ ғасыр өнері тұрақты экспозициясын (заманауи шетел) қайта экспозициялау жұмыстары жүргізіледі. Бөлім қызметкерлерімен музейдің уақытша және тұрақты көрмелеріне жетекшілік ету жұмыстары атқарылады. Копелиовичте екі жетекшілік ету жобасы – халықаралық Хе Ши Фа (Қытай) және нэцкэ көрмесі. Вологодскаяда өзбек суретшілерінің «Аңсауды орталықсыздандыру» халықаралық көрмесі. Сальниковада Ю. Шыгаевтың жобасына жетекшілік ету бар (Қырғызстан). Омарова Али Бахтыгереевтің көрмесіне дайындық үстінде. 2019 жылғы жоспар бойынша бөлім 10 көрмеге жетекшілік етеді.

Бөлім қызметкерлері экскурсиялар жүргізеді, дәрістер оқиды, экспозицияның тақырыптық бөлімдері бойынша әдістемелік талдамалар жасайды.

Музей қызметі аясындағы ғылыми сараптама

Туындылардың түпнұсқа екендігі мен олардың авторлығын анықтау мақсатымен өнер туындыларын зертеудің жоспарлы процесі ғылыми кеңестің мақсаты болып табылады. Оның құрамына музейдің жетекші ғылыми мамандары кіреді. Кеңестің жұмысының тұжырымдамасы оның құқық аясына негізделуімен, түрлі зерттеу әдістемелерін және құжат толтыру процедурасын меңгерумен байланысты. Музейдің сараптама кеңесінің құрамы: С. Кобжанова – төрайымы, Г. Молдашева – ҒС кеңесінің хатшысы, мүшелері – Ә. Жадайбаев, Е. Резникова, К. Мұқажанова, С. Мамытова, М. Копелиович, Н. Баженова, В. Вологодская, Н. Ажарова.

Көркемдік туындыларды ғылыми сараптау стильдік, салыстырмалы-салғастырмалы талдауға, сондай-ақ, өнер бұйымдарын технологиялық зерттеу құрып, музей қорын сақтау бөлімімен бірлесіп жүргізіледі.

Сараптама комиссиясының жұмысы музейдің тәжірибелі музей қызметкерлерінің зерттеген туындыларын алқалық талқылауға негізделген.

Көркемдік-ғылыми сараптаманы толықтай жүргізу стратегиясы мыналарға сүйенеді:

- жеке коллекциялардың мәліметтер базасын құруға (мәліметтер базасының концепциясы мен құрылымы жетілдірілуге, фотосуретке түсірілуге, микроскоптың көмегімен зерттеу және микроскоптан көрінген көріністі мәліметтер базасына түсіру);

- ҚР МӨМ қорындағы туындылар бойынша суретшілер Н. Хлудов, Ә. Қастеев, С. Калмыков, Ж. Шәрденев және т.б. мәліметтер базасын құруға;
- Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан сандық форматтағы түпнұсқа жазба мәліметтер базасын толықтыруға.

Сараптама кеңесі қызметінің аясында өнер бұйымдары атрибуцияланып, көркемдік баға беріледі. Жұмыс процесі кезінде сараптама кеңесі жиналысының хаттамасы, туындыларды қабылдау-беру актілері мен басқа да ілеспе құжаттар жасалады, музейдің қор бөлімінде жұмыстық талқылаулар ұйымдастырылады.

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде ұйым қызметінің негізгі бағыттарын реттейтін бес Кеңес құрылған, олар: Көркемдік-әдістемелік кеңес, Ғылыми кеңес, Сараптамалық кеңес, Реставрациялық кеңес, Қор-сатып алу кеңесі (ҚСАК – қор сатып алу комиссиясы).

Музейдің ғылыми-әдістемелік жұмысына Көркемдік-әдістемелік кеңес басшылық етеді. Ол – музей қызметінің негізгі түрлерін жоспарлап, ұйымдастыруды үйлестіретін алқалық, консультативтік, кеңесші орган. Көркемдік-әдістемелік кеңес қызметінің аясында бірқатар маңызды мәселелер шешіледі, оның ішінде музейдің құрылымдық бөлімшелерінің жоспарлау-есеп беру қызметінің жүзеге асуын бақылап, музейдің дәрістік-экскурсиялық жұмысының стратегиясын жасайды, ғылыми қызметкерлердің, қор сақтаушылардың, экскурсия жүргізушілердің, дәріскерлердің ғылыми принциптерді, нақтылықты, көрнекілікті, көркемдікті сақтауын және берілетін музей ақпараттарының жоғары сапалы болуын қадағалайды.

2019 жыл ағымында Көркемдік-әдістемелік кеңес жиналыстарын жүйелі түрде өткізу мынадай мақсаттар бойынша жоспарланды:

- Мемлекеттік музейдің ғылыми жұмыстарының перспективалық жобалары мен бір жылдық жоспарларының жүзеге асуын бақылау;
- экскурсияны жүйелі тыңдау, ғылыми-ағарту жұмыстарының тәжірибесін талқылау және қорытындылау;
- мемлекеттік өнер музейінің тұжырымдамаларының, құрылымдарының, тақырыптық-экспозициялық жоспарлары мен тұрақты экспозицияларының және оның көрмелерінің жобаларын дайындау;
- экскурсия жүргізуші мен ғылыми қызметкерге ғылыми-ағарту жұмысын жүргізуге (экскурсия жүргізуге, дәріс оқуға) рұқсат беру мүмкіндігін талқылау;
- ғылыми қызметкердің атқаратын қызметіне лайықтылығы туралы баға беру және аттестацияға ұсыну, ғылыми қызметкердің сынақ мерзімінен өткені туралы кепілдемелер, қызметкердің біліктілігін арттыру туралы ұсыныстар мен кепілдемелер беру;
- музейдің мәдени іс-шараларының жетекшісін белгілеп, жобасының алғашқы концепциясын әзірлеп, жоспарын бекіту;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының, сондай-ақ инновацияларды енгізудің нәтижелілігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

- ғылыми құжаттама жобаларын: зерттеу жобалары мен бағдарламаларды (қорларды, экспедицияларды, іссапарларды, шет елдік тағлымдамаларды, гранттарды іріктеп жинақтау), экспозиция және көрме концепцияларын, тақырыптық-экспозициялық жоспарларды, экскурсия жүргізушіге көмек ретінде мәтіндерді, дәріс мәтіндерін, мақалаларды, ғылыми баяндамаларды, есептерді, әдістемелік зерттеулерді, жаңа экскурсиялар мен лекциялардың мәтіндерін, мәдени-көпшілік шараларды, білім беру бағдарламаларын, үйірмелер мен студия жұмысының жоспарларын қарастыру.

Музейдің баспасөз қызметі

Көрермендермен өзара тығыз байланыс жасау, музей оқиғаларын БАҚ-та және әлеуметтік желілерде уақытылы жарыққа шығару музей қызметінің маңызды қыры болып саналады. Бөлімнің басты міндеттерінің бірі – музей қызметінің барша түрін, оның коллекциясын, бүкіл әлемдік өнерді, музейде өтіп жатқан барлық оқиғалар жайлы ақпараттық хабарлар арқылы дәріптеп, кеңінен таныту. Бөлімнің қызметі музейдің мәдени-білім беру функциясын көрермендерге дәріс оқу, экскурсия жүргізу, музей мерекелері, шығармашылық кездесулер, тақырыптық кештер, семинарлар және т.б. сияқты жұмыстың түрлі формалары арқылы жүзеге асыруға бағытталған. Мәдени-білім беру қызметі аудиториямен бір реттік қана байланыс орнатып қоймай, ұзақ уақыттық әрі оларды музейге жүйелі түрде келтіруге бағытталуы тиіс. Бөлімнің міндеті – мақсатты аудиторияның түрлі сегменттерімен жұмыс істеу. Бөлім бұл бағытта келушілердің тұрақты контингентін қалыптастырып, олардың санын арттыру бойынша әдістемелік және мақсатты жұмыс жүргізеді.

Орталық қызметінің бағыттарына кіретіндер:

- БАҚ-пен жұмыс, музейдегі оқиғаларды жариялау, Қазақстан өнері мен музей коллекциясын насихаттау;
- музей оқиғаларын талдап, жүзеге асыруға ықпал жасау;
- музейдің мақсатты мәдени-әлеуметтік жобалары мен бағдарламаларын тиімді түрде жүзеге асыруға бағытталған шығармашылық-өндірістік қызметін жарнамалық-маркетингтік және ақпараттық қолдауын жүзеге асыру;
- заманауи экономикалық және мәдени-әлеуметтік жағдайларда музейді жетілдіру міндеттерін орындауға жаңа маркетингтік тәсілдерді зерттеу;
- БАҚ-пен және интернет-ресурстармен белсенді өзара әрекет ету;
- бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін жергілікті және шет елдік мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен, дипломатиялық миссиялармен, шет елдік корпорациялармен байланыс орнату, алдыңғы қатарлы шет елдік тәжірибелермен танысып, соларды қолдану;
- музей сайтын және оның әлеуметтік желілерін - Facebook; Twitter; YouTube; Instagram; ВКонтакте; ОК жүргізу;

2019 жылға музейде жоспарланған шаралар бойынша бөлім мынадай қызметтерді жүзеге асыруды көздейді:

- 5 баспасөз конференциясын, 7 және одан да көп баспасөз турын ұйымдастыру;
- «Әсем әлем» Өнер академиясына жетекшілік жасау;
- баяндамалар дайындау, республикалық және халықаралық конференцияларда сөз сөйлеу және мақала жариялау - 4;
- біліктілікті арттыруға байланысты семинарлар мен тренингтерге қатысу;
- музей шараларын ұйымдастырып, оларды жариялауға ықпал ету (Наурыз, Музей түні, «Каникулды бірге өткіземіз» және т.б.);
- «Музыкалық вернисажды» ұйымдастырып, өткізу – ай сайын;
- 2 көрмеге, оның ішінде шет елдік көрмелерге жетекшілік ету;
- көрмелер және музейдегі басқа шаралар жайлы сұхбат беру;
- телевидениеде және басқа БАҚ-тарда музей мамандарына арнап сұхбат беру;
- музей қызметі жайлы газет-журналдар мен электрондық порталдарда мақалалар жариялау;
- экскурсиялар жүргізу;
- жаңа экскурсиялар әзірлеу.

Дөңгелек үстелдер, семинарлар, шығармашылық кездесулер

2019 жылы бірқатар маңызды көрмелер мен жобалар, оның ішінде дөңгелек үстелдер мен ғылыми семинарлар қоса болатын халықаралық жобалар мен көрмелер болады. Пікірталас орын алатын алаңның форматы мамандардың, суретшілердің, оқушылар мен БАҚ өкілдерінің басын қосады.

Дөңгелек үстелдерді музей жобасы болып белгіленген мемлекеттік ауқымдағы барлық оқиғалар аясында өткізу жоспарланған. Маңызды көрмелерді талқылау:

- Әбілхан Қастеевтің 115-жылдығына арналған дөңгелек үстел – 16 қаңтар 2019;
- Қазақстан кескіндемесі каталогының III томының таныстырылымы;
- Ходжиковтар әулетінің шығармашылығы туралы фильм көрсетілімі – ақпан 2019;
- Таңдаулы көрмелерді талқылау – мерейтойлық, халықаралық және т.б.

Экскурсоводтарға арналған кәсіби біліктілікті арттыру семинары – инклюзивті білім беру жобасының аясында мүгедек-келушілермен жұмыс – жыл ағымында.

Дәріс және экскурсия жұмысы бөлімі

Бөлімнің басты міндеттерінің бірі – музей қызметінің барлық түрін, оның коллекциясын, сондай-ақ бүкіл әлемдік мәдениет мұрасын дәріптеу.

Бөлім жұмысының негізгі түрлері: экскурсиялар мен дәрістерді ұйымдастырып өткізу, дипломатиялық өкілдіктермен, қоғамдық ұйымдармен, қорлармен және барлық деңгейдегі оқу орындарымен байланыс орнатып, БАҚ-пен ақпараттық қызмет атқару, сондай-ақ түрлі жобаларды ұйымдастыру. Серіктес компаниялармен бірлесіп, түрлі шығармашылық жобалар, соның ішінде практикалық шеберлік сабақтарын жүргізу, сән үлгілерін көрсету, балаларға арналған білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру.

Бөлімнің кадрлық құрамы бес экскурсия жүргізуші-қызметкер және бөлім жетекшісінен тұрады.

2019 жылы мәдени-білім беру қызметі келушілердің әлеуетті контингентін кеңейтуге бағытталған, алға қойылған міндеттерді орындау музей қызметкерлерінің, қаладағы оқу орындарының ұстаздарының өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде, олардың көркемдік білімін молайтуда және әлемді эстетикалық қабылдауда күштерін біріктіре түседі.

Шын мәнінде, нақ осы бөлім – музей мен көрермендер аудиториясын жалғаушы буын. Қызметкерлері музей өміріне, музей жобаларын ұйымдастырып, жүзеге асыру ісіне белсене араласады. Бірінші орында тұрған жұмыс түрлері мынадай:

- экскурсия мен дәріс ұйымдастырып, өткізу;
- мемлекеттік маңызы зор даталарға орайластырылған көрмелерді өткізуге араласу;
- аудиогидке және ақпараттық дүңгіршекке байланысты жұмыстарға ат салысу;
– «Әсем әлем» Өнер академиясының әлемдік өнер тарихынан дәрістер циклын ұйымдастыруға араласу;
- Халықаралық музей күніне орайластырылған музей жобаларын, музейдегі Наурыз бағдарламасын ұйымдастыру шараның тақырыбын сақтай отырып, экспозициялық кеңістіктегі экскурсиялық бағдарлама, шеберлік сабақтарын, концерттік бағдарламалар мен интерактивті демалыс ұйымдастыру;
- Оқушылардың демалысы кезінде мектеп жасындағы балаларға арнап «Ғажайып шам» музейлік жобасын өткізу (тақырыптық экскурсиялар мен шеберлік сабақтары);
- 1 маусым – халықаралық балаларды қоғау күніне арналған бағдарламаны дайындау;
- әр түрлі жастағы адамдарға арналған музей квесті сияқты ерекше бағдарламаларды жетілдіру (келушілер тарапынан сұранысқа ие жұмыс түрі).

2019 жылы бөлім қызметкерлері жыл сайынғы «Қастеев оқулары» ғылыми-практикалық конференциясына қатысуға ниетті, музей экспозициясы бойынша жаңа тақырыптық бөлімдерді (қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі экскурсиялар) тапсыруды жоспарлауда. Сондай-ақ, бөлім қызметкерлері музейдің таңдаулы көрме жобаларының жетекшілері болып табылады.

2019 жылы бөлім қызметкерлері 300 экскурсия жүргізуді жоспарға қойды. Бөлім қызметкерлерінің жоспарында 9 көрмеге жетекшілік ету жұмысы тұр.

МУЗЕЙДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ ерекше мұқтаж суретшілерге бағытталған әлеуметтік маңызды жобаларға ұдайы бастама көтеріп отырады, мұндай шаралар музейді осы топтағы көрермендерге қолжетімді етеді. Музейдің әлеуметтік жобаларының мақсаты – жәрдем қажет етеін адамдарға нақты көмек беру.

Бірқатар жылдар бойы Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ мүгедек келушілермен әр түрлі жұмыстарға бағытталған жобаларды өткізіп келеді. Бұл зағиптарға арналған «Сипап көру бейнесі» жобасы, «Барлығына қол жетімді музей» жобасы, экспозицияға тактильді жәдігерлерді енгізу, сондай-ақ 2018

жылы ҚР Тұңғыш Президенті қорының қолдауымен іске қосылған ерекше қажеттіліктері бар келушілерге арналған «Рухани шабыт» фестивалі. Музей жобаны 2019 жылы жалғастыруды жоспарлауда.

2019 жылы маңызды қоғамдық мәні бар әлеуметтік жобалар жоспарланды. Ресей Федерациясының Елшілігімен бірлесіп өткізілетін халықаралық қуыршақтар көрмесі дәстүрлі күттіретін жобаға айналды. Ресейлік және қазақстандық қуыршақ шеберлерінің туындылары көрмеге қойылып, аукционға қатысады. Бұл авторлық интерьерлік қуыршақтардың «Періштелер уақыты» атты аукционалды қайырымдылық көрмесі. Аукционнан түскен барлық қаражат муковисцидозға шалдыққан балаларға көмекке беріледі. Көрме дәстүрлі түрде қаңтарда өтеді.

Сондай-ақ, ақпанда онкологиялық дертке шалдыққан жас суретші Бахыт Бүбіқанованы дертімен күресуді қолдауға шақыратын заманауи өнер туындыларының сатылым-көрмесі жоспарланды.

КӨРМЕ-ЭКСПОЗИЦИЯ ЖҰМЫСЫ

Көрме – музей коллекциясын қайта таныстыру құралы. Экспозиция кеңістігінен жинақтамадағы інжу-маржандар ғана емес, еліміздің көркемдік алтын қазынасына кірген ең үздік туындылар орын алады. Экспозиция – қордың бір бөлігі ғана, бірақ оның ең үздік үлгілері. Тақырыптық тараулардың ішінде хронологиялық тәртіп бойынша орналастырылған жәдігерлер көрермендерді әлемдік және аймақтық өнердің негізгі тарихи даму сатыларымен таныстырады.

Музей экспозициясы негізгі екі тарауға бөлінген: олар – тұрақты көрмелер және уақытша көрмелер. Залдар мен галереялардағы барлық жұмыстар экспозициялар мен уақытша көрмелердің безендірілуі бойынша орындалады, сондай-ақ орындалу мерзімі де музейдің жалпы экспозиция-көрме жоспарына сай келеді.

Тұрақты экспозиция 13 тақырыптық бөлімді қамтиды, олардың ішінде: Қазақстан СҚӨ, Ә. Қастеевтің мемориалдық залы. 1930-1990-жылдардағы Қазақстан өнері (кескіндеме, мүсін) 3 залда орналасқан, Тәуелсіз Қазақстан өнері (2 галерея), ХХ ғасыр және заманауи өнер (заманауи шетел өнері), орыс өнері, Батыс Еуропа өнері, Шығыс өнері. Жаңа бөлім көрермендерге ХХ ғасырдағы шетел өнерін жаңартылған нұсқада ұсынады.

Музейде және Орталық көрме залында (ОКЗ) өтетін 2019 жылғы уақытша көрмелердің шамаланған жобасы құрылды. Орталық көрме залы музей қызметі аясындағы түрлі көрмелер мен жобаларды белсенді өткізіп келе жатқан Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ құрылымдық бөлімшесі.

2019 жылы Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ мен ОКЗ-да болатын көрмелер жоспарының алдын-ала жобасы

2019 жылы кем дегенде 40 уақытша көрме өткізу жоспарланды

№	Көрменің атауы	Күні
1.	Табылды Мұқатовтың жеке көрмесі	09.01-03.02
2.	Қуыршақтардың халықаралық қайырымдылық «Періштелер уақыты» аукцион-көрмесі (РФ Бас Консулдығымен бірлескен)	10-27 қаңтар
3.	Лидия Литвиненконың көрмесі (музей қорынан)	16-28 қаңтар

4.	Онконауқас суретші Бахыт Бүбіқановаға көмек көрсету көрмесі	ОКЗ ақпан
5.	Е. Жұмановтың мерейтойлық көрмесі – 70 жас	07.02-03.03
6.	Алмас Нұрғожаевтың көрмесі	01-24.02
7.	Сарра Лебедеваның көрмесі, музей қорынан	ақпан
8.	Катя Школьниктің көрмесі	7-30 наурыз
9.	Владимир Киреевтің көрмесі	
10.	Республикалық акварель көрмесі	2.04 – 2.06
11.	Халықаралық нэцкэ көрмесі (Жапония Елшілігімен бірлескен)	12-03 – 12.04
12.	СҚӨ және Гүлфарида Жаниярованың қуыршақ көрмесі	01-29.03
13.	РФ суретшілері қатысуымен «Асыл тастар» көрмесі	ОКЗ, наурыз
14.	Ахмет Ахаттың мерейтойлық көрмесі	04-28.04
15.	Кәбижановтың көрмесі	5-28 сәуір
16.	Асқар Есенбаевтың мерейтойлық көрмесі	3-30 мамыр
17.	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ қорынан Роберт Фальктың көрмесі	10 мая-10 шілде
18.	46 гимназия оқушыларының көрмесі	ЦВЗ, мамыр
19.	Музей суретшілерінің жыл сайынғы көрмесі	мамыр
20.	Ю. Шығаетың халықаралық көрмесі (Қырғызстан)	маусым-шілде
21.	Рахим Ахмедовтың халықаралық көрмесі (Өзбекстан)	шілде
22.	Нелли Бубэ, мерейтойлық көрмесі	шілде
23.	Хе Ши Фа халықаралық көрмесі (Қытай)	Тамыз
24.	Тимур Сүлейменовты еске алу көрмесі	ОКЗ, мамыр
25.	Майда моншақ поэзиясы	ОКЗ, маусым
26.	Павлодар музейі	ОКЗ
27.	АртБатФесттің 10-жылдығына арналған көрме	Тамыз
28.	Мәжит Бәйтенев – мерейтойлық көрмесі	10.09-6.10
29.	Майкл Клоуздың халықаралық көрмесі (Канада)	қазан
30.	Халтда Шимованың халықаралық көрмесі (Қырғызстан)	4-29.09
31.	Али Бахтыгереевтің көрмесі	11.10-03.11
32.	Актөбе музейінің көрмесі	25.10-25.11
33.	Каирбай Закировтың мерейтойлық көрмесі	4-31.10
34.	«Ұмай» мектебі, балалар суретінің көрмесі	ОКЗ, қыркүйек
35.	Заманауи өзбек суретшілерінің халықаралық көрмесі	7.11-27.12
36.	Халықаралық плакат көрмесі	29.11-29.12
37.	«Арманшылдарға жұлдыздар жарқырайды» фестивалі	қараша
38.	«Ежелгі Кореяның аңыздары мен мифтері» халықаралық көрмесі	8.11-31.12

Экспозиция бөлімінің өндірістік-жоспарлау қызметі

1. Өрт сөндіру жүйесінің қайта жабдықталуына орай барлық залдарға жөндеу жұмыстарын жүргізу.
2. Қайта қалпына келтіру залында жарық беру құрылғысын орнату.
3. МӨМ қорындағы кескіндемелік туындыларға жаңа багет жасап, жоспарланған мерейтой көрмелеріне дайынду – қажеттілік бойынша
4. Этикетаждың жаңа дизайнын жасау, кезең-кезеңімен ескілерін ауыстыру.
5. Барлық экспозициялар мен көрмелерді құрау және түсіру, этикетаж әзірлеу, аннотациялар мен басқа да ақпараттық материалдарды рәсімдеу, туындылардың сақталуын қор сақтаушылардан Ішкі қозғалыс актісі бойынша қабылдау.
6. Барлық уақытша көрмелерге экспонаттардың беру және қайтару актісін жүргізу.
7. Барлық уақытша көрмелердің жәдігерлер тізімінің мұрағатын жасау
8. Барлық көрмелер мен экспозициялардың аннотациялары мен афишаларының мұрағатын жасау.
9. Ішкі қозғалыс актісінің мұрағаты.
10. Залдардағы экспонаттардың ахуалдары мен өзгерістерін қор сақтаушылармен бірге қадағалау.
11. Жәдігерлердің бірегей іліну деңгейін демеу.
12. Кейіннен өз орнынан әкеп қоюға экспонаттарды экспозициядан беру (теле -, фото -, кинотүсірілімдер және т.б. үшін).
13. Музейдің қоғамдық өміріне араласу (залдарды семинарларға, концерттерге, түсірілімге және мерекелік шараларға дайындау)

Безендіруші-суретшілердің жұмысы

- Көшпелі көрмелер үшін қордан туындыларды тасымалдау үшін қаптайтын жабдық (жәшік) әзірлеу;
- көрме-экспозиция жұмысына белсене араласу;
- барлық жоспарланған көрмелерге балалардың суреттерін және графикалық жұмыстарды безендіру;
- залдардағы ағымдағы жөндеу жұмыстары, сондай-ақ қажет болғанда көрме жабдықтарын жөндеу;
- қалқандарды жаңа матамен қаптау – 70 дана.

Зал қараушылардың жұмысын қадағалау

- залдардағы экспонаттардың күнделікті есебі мен қозғалысын жүргізу;
- өндірістік жиналыстар, қысқа уақыттық кеңестер;
- зал қараушылардың кезекшілік кестесін жасау;
- залдардың және т.б. жиналуын қадағалау.

Ақпараттық технология және баспа қызметі бөлімі

Бөлімнің қызметіне баспа жұмысының алуан түрі, музей жобаларын техникалық қолдау, музейдің кәдесый өнімдерін әзірлеп, жасау кіреді. 2019 жылға жоспарланған жұмыстар:

1. 1. Баспа қызметі:
 - «Қастеев оқулары» конференциясы баяндамаларының жинағын басып шығару;
 - Грамоталарды, алғысхаттарды, құттықтаулар мен басқа да ағымдағы құжаттарды безендірудің дизайнерлік шешімін әзірлеу.
 - Музейде өтіп жақтан шараларға афишалар мен буклеттер дайындау.
2. Техникалық жобалар:
 - Музей шараларын техникалық сүйемелдеу. Жыл бойы
 - Музейдегі компьютерлер мен оргтехникаға жөндеу жұмыстарын жүргізіп, жұмыс тәртібіне келтіру. Жыл бойы
 - Компьютерлерді бағдарламалармен қамту – операциялық жүйе, антивирустарды жаңарту және орнату, бағдарлама орнату.
 - Қадағалау және басқару жүйесін дайындау. Бұл орынсыз енуден сақтанудың жолы, жұмыс уақытын автоматты тіркеу еңбек тәртібінің бұзылуын қадағалау.
 - LED-экрандағы ақпаратты жаңартып тұру – бейнероликтерді енгізу, жөндеу.
3. Кәде-сый өнімдері:
 - Музейдің кәде-сый өнімдерін дайындап шығару.
4. Музейлік құжаттар, каталогтарды аудару, редакциялау, Мем.тізілімге тапсыруға дайындау – орыс-қазақ тілдері.

2019 жылы Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ баспа қызметінің басты оқиғасы таныстырылымы тұрақты экспозиция залдарында өтетін «Қазақстан кескіндемесінің» III томын әзірлеп, басып шығару.

Бөлім музейдегі барлық инновацияларды техникалық қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді: аудиогидтер, LED-экрандағы ақпаратты жаңарту, ақпараттық дүңгіршекті толтыру, QR-кодпен жұмыс, 3D галереясы бойынша жұмысты жалғастыру.

Ә.Қастеев музей - үйі, Ә. Қастеев мұрасын зерттеу орталығы 2019-ші жылға арналған жұмыс жоспары

Ә. Қастеев атындағы музей-үйінің басты мақсаты Қазақстан кескіндемесі кәсіби мектебінің негізін салушылардың бірі Әбілхан Қастеевтің көркем мұрасын зерттеу, сақтау және дәріптеу болып табылады.

Музейдің құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Музей-үйінің қызметі әр түрлі келушілер тобын тарту, әр түрлі, соның ішінде, ғылыми және білім беру жұмыс түрлерін өткізу – суретшінің және оның заманындағы шеберлердің шығармашылығы жайлы дөңгелек үстелдер, студенттерге арналған шеберлік сабақтары мен пленерлер ұйымдастыру және қатысу, баяндамалармен ғылыми конференцияларға қатысу.

Алматы қаласының өзге де мемориалдық кешендері – музей-үйлерімен ынтымақтастықты күшейту.

Ә. Қастеевтің өмірі мен шығармашылығы туралы мақалалар дайындау және газет, журналдарда басып шығару.

Аталмыш нысанға белсенді келушілер үшін туристерді тарту мақсатында Алматының туристік ұйымдарымен жұмыс жасау.

Музей-үйді және оған іргелес жатқан аумақты күтіп ұстау, мүмкіншілікке қарай косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Инженерлік-техникалық қызмет және ғимаратты күтіп ұстау, қызмет көрсету бөлімі

- | | |
|---|------------------|
| • 2019 жылға коммуналдық қызметтермен келісімшартқа отыру (Энергосбыт, Бастау, ТоспаСу, АлТС) | Қаңтар |
| • Мемлекеттік сатып алуды жүргізу үшін жылыту, ауаны баптау, электро-сантехникалық жүйесінің жұмысын күтіп ұстауға арналған құрал-саймандар мен жабдықтар, материалдар тізімі | Қаңтар |
| • Қуатты ауа айдағыш қондырғылардың екі қозғалтқышын жөндеу (жұмыс істеу барысында қызады) | Ақпан, наурыз |
| • Жаз-күз кезеңіне гүлзар суару жүйесін дайындау, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу | |
| • Қуатты қондырғылармен, басты бөліп таратқыш қалқандар бойынша профилактикалық жұмыстар жасау | Наурыз |
| • Салқындатқыш машинаны (чиллер) жазғы маусымға дайындау | |
| • Қолданыстан шыққан люминесцентті шамдарды жоюға тапсыру | Мамыр, маусым |
| • Музейдің сыртқы суық су құбырының апаттық жерлерін жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу | 1-ші жартыжылдық |
| • Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ, ОКЗ, Ә. Қастеевтің музей-үйіндегі бақылау-өлшеу аспаптарын мемлекеттік тексеру | |
| • Жылу маусымы аяқталғаннан кейін келесі жылу маусымына дайындау мақсатымен элеватор мен жылу жүйесі құбырларында профилактикалық жұмыстар жүргізу | Шілде, қазан |
| • Жылу маусымының басталуына қажетті инстанциялардан керекті құжаттар дайындап, рұқсат алу | Тамыз, қыркүйек |
| • Еріген және жауын суларының ішке енбеуі үшін музейдің жұмсақ жабынының бүлінген бөліктеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу. | 2-ші жартыжылдық |